

Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді жекешелендіру туралы

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 82 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 маусымда № 2931 болып тіркелді

РҚАО ескертпесі:

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Атырау облысы әкімдігінің алдын-ала келісіміне сәйкес, аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктер осы қаулының қосымшасына сәйкес жекешелендірілсін.

1. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. Қуанышкереевке жүктелсін.

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Ожаев

Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 26 мамырдағы
№ 82 қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

№	Мүліктің атауы	Шығарылған жылы	Тенгерім ұстаушы
1	Уаз 315122 автомобилі тіркеу нөмірі E654BO	2003	"Исатай аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ
2	Уаз 315122 автомобилі тіркеу нөмірі E190BO	2003	"Исатай аудандық жер қатынастары бөлімі" ММ
3	Газ 53 автомобилі тіркеу нөмірі E334AY	1984	"Жалпы білім беретін Аққыстау орта мектебі" ММ
4	Газ 3307 автомобилі тіркеу нөмірі E146AP	2000	"Исатай аудандық білім бөлімі" ММ
	Уаз 31514 автомобилі тіркеу		

5	нөмірі E760BM	1999	"Жалпы білім беретін Ғибатолла Мәсәлімов атындағы орта мектеп" ММ
6	Ваз 212300 автомобилі тіркеу нөмірі E436BX	2007	"Исатай аудандық ветеринария бөлімі" ММ
7	Уаз-31519-095-01 автомобилі тіркеу нөмірі E285BM	2006	"Исатай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ
8	Ваз 2131 автомобилі тіркеу нөмірі E077KS	2002	"Исатай аудандық білім бөлімі" ММ
9	Ваз 21214 автомобилі тіркеу нөмірі E409BW	2008	"Исатай аудандық құрылыс бөлімі" ММ
10	Уаз 31519-095-02 автомобилі тіркеу нөмірі 790AE06	2005	"Исатай аудандық экономика және қаржы бөлімі" ММ

ММ - мемлекеттік мекеме

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК